

## Ата-аналар жиналысының хаттамасы № 3

Өткізілген күні: 16.10.2020

Сынып: 1-11

Жиналысқа қатысуға тиісті: 154

Қатысқаны – 141

### Күн тәртібінде:

#### 1. Тыңдалды:

1. Мектептің материалдық-техникалық базасын жаңарту туралы;
2. Жалпыға міндетті оқу қоры бойынша жетім балалардың, аз қамтылған отбасылардан шыққан балалардың және атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардың тамақтануы мен киім-кешегіне арналған шығыстар;
3. 2020 жылы күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізу туралы;
4. Мектепке күрделі жөндеу жүргізуге жобалық сметалақ құжаттардың әзірленуі туралы, «Заманауи мектеп» жобасы;
5. Ағымдық шығындар, әртүрлі сұрақтар.

#### 2. Сөйлеген – мектеп директоры А.Т.Бекбаева:

2.1 Мектептің материалдық-техникалық базасын жаңарту жайлы толық ақпарат берді. Яғни, 2020 жылы бюджеттен бөлінген қаражат есебінен 5 877,000 теңгеге биология кабинеті алынды. Бюджеттен бөлінген қаражат есебінен 448 мың теңгеге 15 домбыра, 2 іс тігетін машина алынды. 2020 жылы демеушілік көмек есебінен музыка кабинетіне жөндеу жұмыстары жасалып, домбыра кабинеті ашылды. 2020 жылы демеушілік көмек (мектеп ата - аналары) мәжіліс залына 100 орындық сатып алынды.

2.2 – мәселе бойынша мектеп директоры осындай есеп берді: қазіргі уақытта құжат бойынша отырған оқушылар саны – 63. Соның ішінде, 23 оқушы аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар, 37 оқушы – көп балалы отбасылардан, жетім бала - 3, атаулы әлеуметтік көмек алатындар - 8. 2020 жылы жалпыға міндетті оқу қорынан бөлінген жалпы сома – 5 769 000 теңге; 1 220 000 теңге – 1-4 сынып оқушыларының қаңтар, ақпан, наурыз айларында тамақтануға бөлінді; 1 221 472 теңге - қыз және ұл балаларға арналған спорт киімі алынды; қалған 3 328 000 теңгеге алдағы уақытта қысқы аяқ киім, қысқы күртешелер, кеңсе тауарлары, қысқы жылы іш киім, бас киім т.б. керекті тауарлар алынады деп жоспарланатынын айтты.

2.3 2020 жылы күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізу туралы келсек, Мектебіміздің салынған жылы - 1982 жыл, жалпы ауданы 7320,2 кв.м. Сыйымдылығы – 1050 оқушыға арналған, оқушылар саны – 1063 оқушы, оқыту тілі – қазақ тілі. 2020 жылы сумен жабдықтау және кәрізді ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 1 380 000 теңге қаражат бөлінді. Есепке келсек, кәріз құбырлары мен су құбырлары, кейбір сантехникалық жабдықтар ауыстырылды.

2.4 Айнур Тлегеновна, «Заманауи мектепті» салудың басты жобаларын атады. Күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жобалық сметалық құжаттардың әзірленіп жатқанын баяндады. Демек, жалпы жоба саны – 4; жалпы бөлінген сомасы – 6 млн 300 мың теңге; 3 жоба бойынша жобалық сметалық құжаттамаға жарияланған сома – 1 млн 713 мың теңге; 1 жоба бойынша жобалық сметалық құжаттамаға жарияланған сома- 1 млн 856 мың теңге; 2 млн 731 мың теңге - мемлекеттік экспертиза жұмыстарына бөлінген.

Жобалаушы – «АСПК» ЖМ.

Жобалық сметалық құжаттама әзірлемелерінің атауы: ғимараттың қасбеті мен терезені күрделі жөндеу; ішкі бөлмелерді және ішкі инженерлік желілерін күрделі жөндеу; аумақты абаттандыру және қоршау орнату құрылыстарын күрделі жөндеу; футбол және спорт алаңдарын күрделі жөндеу. Конкурстың қорытындысы 17.11.2020ж шығады.

2.5 Ата – аналар тарапынан сұрақтар қойылды:

1 - сұрақ: Бөлінетін қаражат қай қордан: облыстан ба, әлде қалалық бюджеттен бе?

Жауап: Облыс бюджетінен қаражат бөлінеді;

2 - сұрақ: Мектептің жанындағы «итті серуендетуге» арналған алаңға қарсымын, біріншіден, ит – балаға аса қауіпті жануардың бірі, балам мектепке барғанда, қорқып барады, екіншіден, Санитарлық нормаларға мүлдем сәйкес емес, сол алаңды алып тастауға бола ма?

Жауап: біздің тарапымыздан әкімшілікке хат жазылды, мәселе қарастырылып, оң жауап тапса, әрине, онда алынады;

3 - сұрақ: 11- сынып оқушысының анасымын, 2 - тоқсанда балаларымызға қосымша сабақ жүргізіле ме, жоғары оқу орнына түсуіне, оқуларына алаңдаулымыз.

Жауап: қазіргі таңда, өзіміз де балалар үшін алаңдаулы екенін және Санитарлық нормаларға сәйкес оқушыларды тек қашықтықтан оқыта алатынымыз, қосымша сабақ жайлы кейін хабарланатыны жайлы толық ақпарат берілді.

### 3. Қаулы етті:

3.1 «Заманауи мектепті» құрудың 4 жобасы іске асырылсын;

3.2. Мектептің материалдық-техникалық базасы әрі қарай жаңартылсын;

3.3. Жетім балалардың, аз қамтылған отбасылардан шыққан балалардың және атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардың тамақтануы мен киім-кешегіне, кеңсе тауарларымен қамтамасыз етілуіне тиісті жағдайлар ескерілсін.

Төраға \_\_\_\_\_ (А.Бекбаева)

Хатшы \_\_\_\_\_ (Р.Саденова)

